

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНА 4 ЖЫЛ

№29(168)

26 ШІЛДЕ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaңa Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

ӨНЕР МЕН БІРЛІКТІҢ САЛТАНАТЫ

Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығына
арналған вальс рекорды

Қазақ сахнасының ән патшасы Шәмші Қалдаяқовтың 95 жылдығы мен Қосшы қаласының 4 жылдығына орай ерекше шара өтті. Бұл мерейтойлық іс-шара кезінде, 2025 жылы 25 шілде күні 307 жұп вальс билеп, рекорд орнатты. Рекордты ресми түрде тіркеу және сертификатты табыстау рәсімі GLOBAL BOOK OF RECORDS ұйымының Азия және Африка елдері бойынша ресми өкілі Куандық Құдайбергеновтің қатысуымен өтті.

Тарихи сәтке қатысқан танымал әнші, актер, мемлекет және қоғам қайраткері, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері,



Фотосурет автордігі

2

ӘНМЕН ӨРІЛГЕН АРҚА ӘУЕНДЕРІ

Қосшы қаласының қоғамдық мәдениет және спорт кешенінің сән-салтанаты келіскен концерт залында ұлттық өнерді қадірлейтін жұртшылық тағы бір елеулі кештің куәсі болды. Дәстүрлі ән әлемінде өзіндік үнімен, табиғи талантымен танылған, ұлттық музыка мұрасын насихаттаушы Асқар Мұқияттың «Сарыарқа» атты шығармашылық ән кеші өтті. Қазақ даласының кең тынысындай әсер қалдырған өнер мерексінде сахна төрінен төгілген ән әуендері мен терең мағыналы туындылар көрерменнің көңіл төрінен орын алды.

Асқар Мұқият – Халықаралық «Шабьт» жастар фестивалінің жүлдегері, Мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты. Ол орындаған ән – жүректен шыққан шынайы сезімнің сарыны. Өнерпаздың адам жүрегінің нәзік пернелерін дөп басатын шеберлігі тыңдарман қауымды тебіртті.

2

СЫРЛЫ БОЯУЛАР СЫР ШЕРТТІ

Қосшы қаласының төрт жылдық мерейтойы аясында өткен жас суретшілердің көрме-жәрмеңкесі шаһардың мәдени өміріне ерекше әр берді. Мерекелік шаралар қатарында ұйымдастырылған ашық аспан астындағы арт-кеш тұрғындардың да, қонақтардың да ерекше ықыласына бөленді. Лесная поляна шағын ауданындағы аллея сол күні нағыз шығармашылық кеңістікке айналып, сырлы бояулар мен балғын қиялға толы сәттерге куә болды. Айналаны музыка әуені тербеп, бояулармен өрілген әсерлі көріністер қаланың рухани тынысын тереңнен сездірді.

Іс-шараға «Өнер», «Сауран», «Жаңа Белес», «Пикассо», «Болашақ» атты балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық орталықтар белсене қатысты. Әрбір орталықтың шәкірттері бірінен бірі өткен ерекше жұмыстарымен көрермен көңілінен шықты. Қылқалам ұстаған жас шеберлер Қосшының келбетін, табиғат сұлулығын, халықтың тыныс-тіршілігін түрлі ракурста бейнелеп, көркемдік әлемге өзіндік үн қосты.

4

ҚОСШЫДАҒЫ КЕШКІ ЖӘРМЕҢКЕ

Қосшы қаласының 4 жылдық мерейтойы аясындағы мәдени-спорт кешенінде өткен «Кешкі жәрмеңке» қала тұрғындары мен қолөнер шеберлері үшін ерекше оқиға болды. Бұл көрме-жәрмеңкеде қыштан, тоқымадан, былғарыдан, жүннен, ағаштан және темірден жасалған бірегей бұйымдар ұсынылып, шеберлер мен тұтынушылар арасындағы тікелей байланыс көпіріне айналды.

Сапа мен құндылықтың символы

Ағаш ұстасы, шебер Асқат Бозымбай өз туындыларының құндылығын ерекше атап өтті.



Фотосурет автордігі

4

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ӨР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Соңғы жылдары еліміздің туристік және табиғи аймақтарына демалушылар санының артуы – отандық туризм дамуының оң көрінісі. Алайда демалушылар легінің көбеюі қоршаған ортаға келетін зиян көлемін де ұлғайтқанын жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе, табиғи аумақтардағы қоқыс қалдықтарының көбеюі алаңдаушылық тудырады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалықты қамтамасыз ету бойынша жүйелі түрде шаралар жүргізіп келе жатқанына қарамастан, тұрғындар экологиялық мәдениеттің қарапайым талаптарын сақтай бермейді. Көптеген азаматтар табиғат аясында демалып кеткен соң, артынан қоқыс қалдырып кетулерін үйреншікті жайтқа айналдырған.



Фотосурет автордігі

2

ӨНЕР

ӘНМЕН ӨРІЛГЕН АРҚА ӘУЕНДЕРІ

(Басы 1-бетте)

Өнер сүйер қауым домбыраның ша-
нағынан төгілген күмбірлі үн арқылы қа-
зақтың кең даласына, Сарыарқаның сайын
төсіне сапар шеккендей күй кешті. Әуелеген
саз бен сахна көрінісі бір-бірімен үндесе
отырып, кештің мазмұнын тереңдете түсті.
Әншінің репертуарындағы халық әндері мен
заманауи өңдеудегі туындылар көрермен
көңілін бейжай қалдырмады.

– Асқардың әр әнінен ұлттық болмыстың
иісі аңқып тұрады. Оның дауысында тек
әуен ғана емес, тарих пен тағдыр, жүрек
пен жанның ұнқатысы бар. Бүгінгі кеш – ұлт
рухын көтеретін, өнердің шексіз мүмкіндігін
дәлелдейтін рухани мереке болды, – деп,
ризашылығын білдірді қала тұрғыны Мақсат
Алмасов концерттен алған әсерімен бөлісіп.

Кешке жиналған жастардың да көңіл-күй-
лері ерекше. Қосшы қаласына оңтүстік өңір-
ден арнайы қонаққа келген Айзада Бахтияр
өзінің ойын былайша жеткізді.

– Дәстүрлі әндерге деген көзқарасым
түбегейлі өзгерді. Бұрын тек ұлкен кісілер
ғана тыңдайды деп ойлайтынмын. Бірақ
Асқар ағайдың орындауындағы туындылар
– заманға лайықты, замандасқа жақын,
жүрекке жылы. Әндерді тыңдай отырып, өз
мәдениетіме, ұлтымның саз өнеріне деген
мақтанышым артты. Кеш бойы жүрегім
ерекше тебіреністе болды, – деп ағынан
жарылды.

ТӘНІ САУДЫҢ ЖАНЫ САУ

KROSS: САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – 2025

ҚАЛА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЖҮГІРУ МАРАФОНЫ ӨТТІ



Қосшы қаласының 4 жылдық мерейтойына
орай 24 шілде күні «ALAN» дене шынықты-
ру-сауықтыру кешені маңайында «Kross: са-
лауатты өмір салты – 2025» атауымен жүгіру
марафоны ұйымдастырылды.

Таңғы тыныштықты серпілтен алаңға
жан-жақтан ағылған жұрттың ішінде де түрлі
жастағы жандар бар, олар – мектеп оқушыла-
ры, жастар, мемлекеттік қызметкерлер мен
зейнеткерлер. Алты жасар немересін ергкен
Орынбасар ата жүзіне шуақ ұялаған қалпы:
«Бірлік бар жерде – береке. Марафонға алғаш
рет қатысқаныма қарамастан, рухани қуат
алып тұрмын», – деген ойымен бөлісті. Жастар
жағы да бейжай емес, бірі жүгіруді жаңа өмір
салтына айналдырғысы келетінін айтса, енді
бірі мұндай бастамалар қоғамдағы сергектік
пен достықтың дәнекері екеніне сенімді.

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

(Басы 1-бетте)

Бұл әрекеттердің табиғатқа, биологиялық
әртүрлілікке және елдің жалпы экологиялық
келбетіне кері әсері зор.

Осыған байланысты бүгін ҚР Мәдениет
және ақпарат министрлігі жанындағы Қоғам-
дық кеңестің мүшелері Ақмола облысы, Қос-
шы қаласы аумағындағы бірқатар демалыс
орындарына, соның ішінде «Тау park» және
Сарқырама өзенінің жағалауына монито-

Жиналғандарды қала күнімен құттықтаған
өңір басшысы Азамат Қапышев салауатты
өмір салтының маңызын, ұрпақтың саулығы
мен қоғамның рухани қуатын нығайтудағы
рөлін атап өтті.

Жүгірушілер қаланың негізгі көшелері
арқылы шеңбер жасап, төрт шақырымдық
қашықтықты еңсерді. Оларға жол жиегінде
көрермендер мен жанкүйерлер қолдау біл-
діріп, ерекше рух сыйлап, айқай-қошемет-
терімен мерекелік көңіл-күйді арттыра түсті.

Марафонның қорытынды кезеңінде ұйым-
дастырушылар қатысушыларға естелік сый-
лықтар табыстады. Әлеуметтік серіктестік пен
салауатты өмірге бағытталған игі бастамалар
алдағы уақытта да жалғасын табарына сенім
зор.

Нұр ЖАНАХМЕТ

Лаура Тарғынова,
Қосшы Жастар ресурстық орталығы-
ның СММ маманы

ӨНЕР МЕН БІРЛІКТІҢ САЛТАНАТЫ

ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВТЫҢ 95 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ВАЛЬС РЕКОРДЫ

БӨРЕКЕЛДІ!



(Басы 1-бетте)

қала тұрғыны Нұрлан Өнербаев жұртшылықты
айтулы мерекемен құттықтап, халықтың жа-
дында сақталған әдемі әндерін тарту етті.

Сөз кезегін алған қала әкімінің орынбасары
Берген Жұмкей: «Барша жерлестерімді бүгінгі
ерекше күнмен құттықтаймын. Бүгін тарихта
ойып орын алар ерекше күн. Екі апта дайын-
далып, нәтижесінде 307 жұптан асырып рекорд
жаңарттық. Бұл бәріміздің жеңіс, жетістігіміз.
Құтты болсын!», – деп ақ тілегін арнады.

Вальс – бұл серіктестердің бір-бірін сезініп,
әр қозғалысты синхронды орындауын талап
ететін би. Ол өнерпаздар арасындағы келісім
мен өзара түсіністіктің символы болып та-
былады. Шәмші Қалдаяқовтың әндерінің

әуезділігі мен вальстің нәзік ырғағының
ұштасуы осы рекордтық шараны одан әрі
ерекшелендіре түсті. Вальс ұлттық мәдениет
пен әлемдік би өнерінің тамаша үйлесімін
көрсетті.

Ректорд орнату – елдің мәдениетін, талан-
тын және бірлігін әлемге паш ететін тәсіл.
Мұншама көп жұптың бір мезгілде вальс
билеуі қосшылықтардың ұйымшылдығын,
өнерге деген сүйіспеншілігін және Шәмші
Қалдаяқов сияқты ұлы тұлғаларға деген
құрметін көрсетеді. Әйгілі композитордың
мерейтойына орай орнатылған рекорд оның
шығармашылығын әлемге танытып, қазақ
әндеріне деген қызығушылықты арттырады.

Гүлназ БИСЕН

БІЗ БІРГЕМІЗ

БАҚ ПЕН ҚАСИЕТ ҚОНҒАН ҚАЛА

Қосшы қаласының 4 жылдығына орай «1461 тәулік біргеміз» атты
TEDxQosshy конференциясы өтті. Бұл шара қаланың қысқа мерзім
ішіндегі айтулы жетістіктері мен маңызды оқиғаларын қорытын-
дылауға арналды. Еркін форматта ұйымдастырылған басқосуға
қаланың дамуына үлес қосқан белгілі тұлғалар, қоғам қайраткер-
лері және белсенді тұрғындар қатысып, қаланың өткені мен бүгіні,
сондай-ақ жарқын болашағы туралы өз ой-пікірлерімен бөлісті.



Фотосурет авторінің

Конференция спикері, жазушы, публицист
Сәдібек Түгел өз сөзінде Қосшыны «бағы
мен қасиеті қатар келген ерекше қала» деп
сипаттады. Ол қаланы өркендетуде тұрғын-
дардың бірлескен еңбегі мен белсенділігі
маңызды екенін атап өтті.

Ақмола облыстық мәслихатының депу-
таты Айдын Төребаевтың айтуынша, ауыл-
дық округ кезінде қалаға бюджеттен 40
млн. теңге бөлінсе, қазір бюджет 3,5 млрд.
теңгеге жеткен. Бұл қаржы жергілікті ин-
фрақұрылымды дамытуға, тұрғындардың
жайлы өмір сүруіне қажетті жағдай жасауға
мүмкіндік берді.

Меценат Шолпан Өтегенова өзінің бала-
лық шағындағы Қосшы ауылының келбеті
мен қаланың қазіргі айырмашылығын атап
өтті. Ол 18 жасында тәрбиеші болып жұмыс
істегенде мұнда бес көше ғана болғанын,
тұрмыстық қажеттіліктер мен азық-түлікті
Астанадаң таситын кездерін еске алды.

ҚР денсаулық сақтау саласының үздігі
Бауыржан Ділдәбек халық санының жыл
сайын артуына байланысты медициналық
қызмет көрсету сапасының жақсарғанын,
қажетті құрал-жабдықтармен толықты-
рылғанын атап өтті.

Сондай-ақ Жанна Бектайқызы, Family Hall
мейрамханасының иесі Басболат Мақсатұлы
да өз естеліктерімен бөлісті.

Төрт жыл – 1461 күн. Бұл – Қосшы үшін бір-
ге еңсерген белестер мен алда күтіп тұрған
үлкен мүмкіндіктер кезеңі. Еркін формат-
тағы кездесу әдемі әндермен өріліп отырды.

Гүлназ БИСЕН



Бетті дайындаған:
Жанар Ахметова, журналист
+7 778 878 89 89
t.me/janarakhmet
zhanarakhmetova90@gmail.com



ОЗАР ЕЛДІҢ ҚЫЗЫ МІНЕЗДІ, ҰЛЫ ӨНЕРЛІ КЕЛЕДІ



ТАНЫМ

ӘЙЕЛ ЖҮРЕГІНДЕГІ ИМАН НҰРЫ

Оңдыбай ата мешітінде әйел жамағатына арналған ашық семинар өтті. Оның барысында әйел жүрегіндегі иман нұрының маңыздылығы кеңінен талқыланып, діни сауаттылықты арттыру мақсатында түрлі тақырыптар қозғалды. Сондай-ақ жат ағымдардан сақтану және дәстүрлі дініміздің құндылықтарын дұрыс түсіну бойынша арнайы жұмыстар жүргізілді.

Әйел – жаратылыстың нұрлы да нәзік иесі, адамзат қоғамының ұйытқысы. Оның жүрегінде тыныштық пен мейірім, жылулық пен жан жылуы қатар өмір сүреді. Бірақ осы қасиеттердің барлығының негізі – жүрекке орныққан иман нұры. Иман – жүректі тазартып, көңілді тыныштандыратын, адам баласының өміріне мән беретін ең ұлы рухани байлық. Ал әйел жүрегіндегі иман – отбасының, ұрпақтың, қоғамның рухани іргетасы. Бұл мақалада әйел табиғаты мен иманның арақатынасы, иманды әйелдің қоғамдағы рөлі, қазіргі заманда иманды әйел бейнесін қалыптастыру мәселелері кеңінен қарастырылады.

Қасиетті Құранда: «Ей, адам баласы! Біз сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық...» (Хужурат сүресі, 13-аят) делінген. Ислам дінінде әйел затының орны ерекше. Әйел – адамзаттың анасы, алғашқы тәрбиеші. Оның бойындағы табиғи мейірім мен ізгілік қасиеттері – отбасына ғана емес, бүкіл қоғамға әсер етеді. Әйел жүрегі – сезімге толы, нәзік әрі кешірімшіл. Бірақ осы нәзік жүрек иманмен нұрланғанда, ол аса қуатты рухани күшке айналады. Ондай жүрек қиындықтарға мойымайды, сабыр сақтайды, әділдікті қалайды, мейірімділікті төгеді.

Иман – жүректегі сенім. Ол Аллаға, Оның періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне және тағдырға сенуді қамтиды. Иман – әйел жүрегін тазартатын, оны көркем мінезге бастайтын нұр. Құранда иманды әйелдер жайында көп айтылып, олардың Алланың ризашылығына бөленетіндігі баяндалады.

Иманды әйел – отбасының тірегі. Иманды әйел – тек намаз оқитын немесе орамал тартқан жан емес,

ол – жүрегіне Алланың ұлы құдіретін сіңіріп, әр ісін ниетпен, шын ықыласпен жасайтын жан. Ондай әйел үшін отбасы – парыз, ері – аманат, бала – нығмет.

Исламда ананың орны ерекше. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) бір хадисінде былай деген: «Жәннат – аналардың аяғының астында». Бұл хадис иманды әйелдің қоғамдағы рөлін ғана емес, оның тәрбиелеуші, үлгі көрсетуші, ізгіліктің бастауы екенін білдіреді. Ананың жүрегінде иман нұры болғанда, бала да сол жарықпен өсіп, тура жолды табады.

Иманды әйел сабырлы, шүкір етуші, кешірімді, қайырымды болады. Ол күйеуін құрметтейді, шаңырағына береке әкеледі. Оның аузынан шыққан әрбір сөз – дұға, жасаған әрбір іс – ізгі амал. Мұндай әйел арқылы отбасында рухани ахуал орнайды, ұрпақ тәрбиесі жүйеленеді.

Иман – әйелдің ішкі әлемінің көркемдігі. Кейбіреулер әйелдің сұлулығын сырт келбетпен өлшейді. Ал нағыз сұлулық – оның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен иман нұры. Бұл туралы хадисте былай делінеді: «Алла Тағала сендердің бейнелеріңе емес, жүректерің мен амалдарыңа қарайды» (Муслим риуаяты).

Иман әйелдің жүрегіне қуат береді. Имансыз өмір мағынасыз, үмітсіз болады. Көптеген әйелдер сырт көзге өмірі жарқын көрінсе де, ішкі жан дүниесі күйзелісте болуы мүмкін. Ал жүрегіне иман нұры орныққан әйел кез келген қиындықты жеңіп, тағдырына разы бола алады.

Иман әйелге көркем мінез, сабыр, қанағат, әділеттілік, адалдық, ұят, иба секілді қасиеттерді дарытады. Осындай қасиеттер оның болмысын нұрландырып, оны ерекше жанға айналдырады. Міне, осындай әйел – қоғамның шамшырағы.



Иман нұры – рухани тұрақтылық пен сабырдың көзі. Қазіргі қоғамда әйелдер түрлі сынақтар мен қиындықтарға жиі тап болады. Жұмыс, отбасы, бала тәрбиесі, жеке дамуы – бәрі қатар жүреді. Мұндай сәттерде әйелдің рухани тірегі иман болуы тиіс.

Иман – жүрекке тыныштық әкелетін ең үлкен нығмет. Құранда: «Біліңдер! Жүректер Алланы еске алумен ғана жай табады» (Рағд сүресі, 28-аят). Иманды әйел – қиындықта жыласа да үмітін үзбейтін жан. Ол Аллаға тәуекел етеді, сабыр етеді, дұға етеді. Оның жүрегі үрей мен уайымнан таза, өйткені ол әр істің бір хикметі бар екенін біледі.

Сондай-ақ иманды әйел күйеуімен тату өмір сүріп, бала тәрбиесіне ерекше мән береді. Ол балаларға дүние қууды емес, Алладан қорқуды, шүкіршілік пен сабырды, адалдық пен еңбекқорлықты үйретеді. Осындай ананың қолында өскен ұрпақ – елінің тірегі.

Заманауи қоғам әйелге еркіндік берумен қатар, түрлі сынақтарды да ала келді. Мода, әлеуметтік желілер,

материализм, мансапқорлық – мұның бәрі әйел затының рухани болмысына кері әсер етуі мүмкін. Осы кезеңде иман нұры – әйелдің адаспай, тура жолмен жүруінің кепілі.

Қазіргі заманда иманды әйел болу – ерлікпен пара-пар. Өйткені ол қоғамның ағысына қарсы жүзеді, өз құндылықтарын сақтайды, шариғат шеңберінен шықпай әрекет етеді. Ол өзінің сырт келбетіне ғана емес, ішкі рухани жан дүниесіне көбірек көңіл бөледі.

Бүгінгі қоғамға иманды, білімді, жауапкершілігі жоғары әйелдер қажет. Олар – мұғалім, дәрігер, заңгер, ғалым, ана, жұбай, қыз бала. Қандай рөлде болмасын, егер жүрегінде иман болса, ол сол қызметті адал, шыншыл, әділетті атқарады.

Иманды әйелдің өмірі бір ғана мақсатқа бағытталған, ол – Алланың разылығына жету. Бұл мақсат оның өміріндегі барлық іс-әрекетін айқындайды. Оның мынадай ұстанымдары бар:

1. Таза ниет пен шынайылық – іс-әрекеттің бәрін Алла разылығы үшін жасау.
2. Сабыр мен шүкір – қиын-

дықта мойымау, берілген нығметке разы болу.

3. Қарапайымдылық пен иба – тәкаппарлықтан аулақ, кішіпейіл болу.

4. Ұят пен ар-ождан – өзіне, сөзіне, киіміне, жүріс-тұрысына мән беру.

5. Дұға мен тәуекел – барлық істі Аллаға тапсырып, жүректің тыныштығын сақтау.

«Әйел жүрегіндегі иман нұры» – бұл тек жеке рухани жағдай емес, бұл – отбасы мен қоғамның да жағдайы. Иманды әйел – жарқын шаңырақтың шамшырағы, ізгі ұрпақтың тәрбиешісі, қоғамның рухани ұстазы. Оның жүрегіндегі иман – тыныштықтың, бейбітшіліктің, мейірім мен әділеттің бастауы.

Қазіргі кезеңде иман нұры әйелдердің ғана емес, бүкіл қоғамның рухани жаңғыруының негізі болуы тиіс. Өйткені әйел – адамзаттың тәрбиелеушісі. Әйелдің жүрегінде иман болса, ұрпақта да, қоғамда да нұр болады.

Меруерт МАРАТҚЫЗЫ,
теолог маман

КОНКУРС

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН БАЙҚАУ!

«Ең үздік абаттандырылған және көгалдандырылған аула»

«Taza Qazaqstan» бағдарламасы аясында Қосшы қаласындағы көпқабатты тұрғын үйлер арасында қалалық байқау жарияланады! Байқауға қатыса алады:

Көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары ТКШ, МИБ, ПТ және тұрғын үйді басқарудың өзге де нысандарының төрағалары

Өтініштерді қабылдау мерзімі: 2025 жылғы 15 шілдеден 31 шілдеге дейін

Байқау аясында аулаларды қарау және қорытынды шығару мерзімі:

2025 жылғы 1 тамыздан 1 қыркүйекке дейін

Өтініштер мына электрондық пошта арқылы қабылданады: kosshyzhkh@mail.ru

Қатысу үшін қажет:

Ауланың абаттандыруға дейінгі және кейінгі фотосуреттері



(кемінде 5 дана)
Бейнекөрсетілім (қалауы бойынша)

Атқарылған жұмыстар мен пайдаланылған ресурстар туралы қысқаша сипаттама

Шығындар сметасы (бар болса)
Бас жүлде – жаңа балалар ойын

алаңы!

Ауланы жайлы етіңіз, балаларға көңілді әрі қауіпсіз ойын алаңын сыйлаңыз!

Қосшы қаласы тұрғын үй шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

«eGov» веб-порталы арқылы жер учаскесіне кезекте тұрған адамның деректерін өзектендіруге арналған

ЖАДЫНАМА

Жер учаскесіне кезекте тұрған адамның деректерін өзектендіру eGov порталы арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін авторизация жасау, «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» мемлекеттік қызметінің «Деректерді өзектендіру» мәлімдемесін таңдау, қажетті құжаттарды толтыру және тіркеу қажет.

Қажетті қадамдар:
1. Авторизация:
Логин мен пароль арқылы немесе ЭЦҚ көмегімен «eGov» порталына кіріңіз.

2. Қызметті таңдау:
«Мемлекеттік қызметтер» бөліміне өтіп, «Жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскесін (10 сотық жер) алуға кезекті қарау немесе кезекке тұру» қызметін табыңыз.

3. Өтінішті таңдау:
Өтініштер тізімінен «Бұрын берілген өтініштердің деректерін өзектендіру» тармағын таңдаңыз.

4. Құжаттарды толтыру және тір-

кеу:

Өтініштің қажетті өрістерін толтырыңыз және өзектілігін растайтын құжаттардың сканерленген көшірмелерін (кезек талоны, жеке куәлік және т.б.) тіркеңіз.

5. Қол қою:
ЭЦҚ арқылы немесе смс-парольдің көмегімен өтінішке қол қойыңыз (егер мобильді азаматтар базасында тіркеу болса).

6. Жіберу:
Өтініш жіберіңіз.

Маңызды: егер сіз өз деректеріңізді кезекте тұрғандар тізілімінен таба алмасаңыз, онда сіз мұны өтініште көрсетіп, кезекке қою туралы растайтын құжаттарды бұрын тіркеуіңіз керек.

Қосымша: деректерді өзектендіру сіздің кезеңіңізді растау және ЖТҚ үшін жер учаскесін алу үшін қажет.

«Қосшы қаласы Тайтөбе ауылы әкімінің аппараты» ММ

ДІНІ БІР ДӘМ БЕРЕДІ, ДІНІ БӨЛЕК ДІҢКЕЛЕТЕДІ

МҰРА

ҚОСШЫДАҒЫ КЕШКІ ЖӘРМЕНКЕ

(Басы 1-бетте)

Ол өзінің астауларының нарықтағы терек пен қарағаштан станокпен жонылатын арзан астау- лардан айырмашылығы таза қа-йыңнан ойылып, бірнеше күн қол еңбегімен жасайтынын жеткізді. «Қайың қолданған сайын беріктігі арта беретін мықты ағаш», – дейді шебер. Отыз жылдан астам уақыт бойы осы кәсіппен айналысып келе жатқан ол қамшы, сандық, кебеже, садақ сияқты қазақы мұра мен қол-өнер бұйымдарына заттың бағасын білетін туристер мен тұтынушылар-

дан үлкен сұраныс бар екенін айтты. Ол Қосшы қаласы республика бойынша жергілікті шеберлерді қолдап, галерея ашып берген алғашқы қала екенін мақтанышпен атап өтті. «Мұның өзі қолөнер шеберлеріне деген үлкен мәртебе деп білемін. Алдағы уақытта бұдан да биік жетістіктер болады деп сенемін» деген сөзі отандық қолөнерді дамытуға үлкен үміт артатынын көрсетеді.

Дәстүр мен заманауи үрдіс
тоғысқан өнер

Зейнеткер, тоқыма шебері Ұмсынай

Амантайқызы өзінің ерекше кәсібі туралы айтып берді. Мектепте 42 жыл музыка пәнінен сабақ берген ол қазір анасынан үйренген тоқыма өнерін дамытып, эксклюзивті бұйымдар жасаумен айналысады. «Қазіргі жастар ешкімде жоқ, қайталанбайтын, эксклюзивті дүниені жақсы көреді. Сондай сұранысқа сай мен де аяқ киім мен сөмкелерді тоқимын», – дейді шебер. Өзіне тоқыған сәнді аяқ киімімен Астана көшелерін аралаған кезде оған басқа адамдардың көзі түсіп, тапсырыс қабылдай бастағаны шебердің бұйымдарына деген сұраныстың жоғары екенін дәлелдейді.

Тұтынушылардың қолдауы –
дамудың қозғаушы күші

Қосшы қаласының тұрғыны Әсия Жарқынбекқызы көрменің кешкі уақытта ұйымдастырылғанына ризашылығын білдірді. «Күндіз көпшілігі жұмыста. Кешкілік уақытқа ыңғайлаған шара тағы да ұйымдастырылады деп сенемін. Өйткені бұл шеберлер мен тұтынушылардың арасына жасалған байланыс», – деді ол. Қаланың 4 жылдығына орай өткізіліп жатқан түрлі форматтағы шараларға отбасымен белсенді қатысып жүрген Әсия, мұндай істердің халық игілігіне қызмет етіп отырғанын атап өтті. «Қосшы қаласы дами берсін, мәртебесі арта берсін» деген тілегі қала тұрғындарының өз қаласына деген сүйіспеншілігін көрсетеді.

Қолөнерге деген мемлекеттік
қолдаудың маңыздылығы

Шараға қатысқан қала әкімінің орынбасары Берген Жұмкей ше-

берлердің өнімдерімен танысып, олардың еңбегіне құрмет көрсетті. Кешкілік жәрмеңке әдемі әнмен әрленіп, тұрғындарға тамаша әсер сыйлады.

«Кешкі жәрмеңке» қазіргі қоғамда ұмытылып бара жатқан қолөнердің маңызын арттырып, оны жандандыруға үлкен серпін береді. Қолөнер – тек әсем бұйым жасау ғана емес, ол ұлттық мәдениетті, салт-дәстүрді, шеберлікті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін рухани мұра. Қосшы қаласының жергілікті шеберлерге қолдау көрсетіп, арнайы галерея ашып беруі – бұл бағыттағы маңызды қадам. Мұндай бастамалар қолөнершілерді ынталандырып, олардың шығармашылығын дамытуға, сонымен қатар қаржылық жағынан да қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Қолөнерді қолдау арқылы біз ұлттық бірегейлігімізді сақтап, жас ұрпаққа оның құндылығын үйретеміз.

Гүлназ БИСЕН

ШАБЫТ АЛАҢЫ

СЫРЛЫ БОЯУЛАР СЫР ШЕРТТІ

(Басы 1-бетте)

– Қала күніне орай ұйымдастырылған көрмеге бірінші рет қатысып отырмын. Өз туындымды көпшілікке ұсыну – мен үшін үлкен жауапкершілік. Әрбір суретімде Қосшының мен үшін қандай жылы мекен екенін көрсеткім келді. Ұстазым мені үнемі қолдап, сенім сыйлайды. Бұл күн менің шығармашылық жолымдағы үлкен қадам болды, – дейді Әсем есімді жас дарын.

Арт-алаңда құр көрме ғана емес, сонымен қатар жастардың шабытын шындаған нағыз шығармашылық мереке өтті. Қатысушылар өз туындыларын көрменің шетінде жай ғана көрсетіп қоймай, сол сәтте, көз алдында жаңадан туынды салу арқылы көрермендермен байланыс орнатты. Кенепке түскен әрбір бояу – ішкі толқын- ныс пен шексіз қиялдың жемісі. Көпшілік оқушылардың шеберлігіне сүйсініп, картиналарды сатып алып, жас авторларға ақ жол тіледі.

– Қала күніне орай осындай көрменің өтуі – өте тамаша бастама.

Жас суретшілердің еңбектерінен шынайылық пен бала жүректің тазалығын көреміз. Өзіміз де рухани серпіліс алдық. Бірнеше жұмысты таңдап алдым, немереме сыйламақпын. Болашақта олардың ішінен үлкен суретшілер шығарына сенемін, – дейді қала тұрғыны әрі көрме қонағы Гүлнар Шәмилқызы.

Көрме-жәрмеңке тек суретшілердің емес, қала тұрғындарының да белсенді қатысуымен жанды. Балалар ата-аналарымен бірге келіп, сурет салу шеберлігін тамашалап қана қоймай, бояулармен ойнап, өз қолымен кішкентай суреттер салып кетті. Шара аясында кішкентай қонақтарға арналған шағын арт-сабақтар мен шығармашылық байқаулар ұйымдастырылып, шығармашылыққа қызығушылығы бар бүлдіршіндерге ерекше көңіл бөлінді.

Қаланың мерекесі осындай көркем кездесулермен, өнерге құрметпен толықты. Жас буынның шабытын шарықтатқан көрме-жәрмеңке Қосшыдағы мәдениеттің дамып келе жатқанын көрсетті. Олардың әрқайсысы – болашақтың жарқын



бейнесі. Қосшы өнер мен шығармашылыққа кең өріс ашатын, жас

қиялға қанат бітіретін құтты мекен екенін тағы да дәлелдеді.

Сейтбатал ҚАСЫМОВ

Jana
BastauМеншік иесі –
«Bastau Media» ЖШСДиректор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫБас редактор
Дәулет АСАУБас редактордың орынбасары
Гүлназ БИСЕНВеб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВАЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор

Динара ДОСЫМЖАНҚЫЗЫ

Немірдің кезекшісі
Гүлназ БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 күәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana Bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz